PHILOSOPHY AND INNOVATION

Ismail Asaiynovich's life credo reflects his approach to business and life:

«Only truth — lies do not lead to success, and bread earned by honest labor is always sweet».

The nearest projects include the installation of a gas pipeline to the mine in order to completely abandon diesel fuel, as well as the implementation





— Я инженер-строитель, — ответил Исмайыл Асайынович.

Директор, заметив чистую обувь инженера, усмехнулся:

— Какой же вы строитель, если у вас ботинки чистые? Наверное, не работаете!

Этот эпизод Нысанбаев И.А. вспоминает с юмором, подчёркивая, что даже аккуратность и чистоплотность могут быть восприняты неоднозначно.

За многолетний добросовестный труд и вклад в развитие атомной отрасли Исмайыл Асайынович удостоен многочисленных наград:

- Бронзовый нагрудный знак «Атом саласының еңбек сіңірген қайраткері» («Заслуженный деятель атомной отрасли»);
- Серебряная степень того же знака;
- Медаль Ассоциации «KAZENERGY» «Ерен еңбегі үшін» («За выдающийся труд»);
- Значок общественной организации «Қазақ тілі» за вклад в развитие казахского языка;
- Благодарственные письма от акиматов и руководства компаний.

Сегодня Исмайыл Асайынович Нысанбаев — пример профессионального мастерства, трудовой этики и инновационного мышления.

Его трудовой путь вдохновляет молодёжь и служит достойным примером преданности делу, патриотизма и технической эрудиции.

Администрация
ТОО «Кызылқум»



The director, noticing the engineer's clean shoes, chuckled:

— What kind of builder are you if your boots are clean? You probably don't work!

Nysanbaev I.A. recalls this episode with humor, emphasizing that even neatness and cleanliness can be perceived ambiguously.

Today, Ismail Asainovich Nysanbayev is an example of professional excellence, work ethic and innovative thinking. His career inspires young people and serves as a worthy example of dedication, patriotism and technical erudition.

Administration of
Kyzylkum LLP

of a group water supply for domestic needs. The permits have already been received, preparatory work is underway.

AN EPISODE FROM PRACTICE

In 2008, a telling incident occurred during the construction of the Khorasan-1 mine. The company's general director, E.Z. Kalmurzaev, inspecting the construction site, asked Nysanbaev what he did for a living.

— I am a construction engineer, — Ismail Asainovich replied.



Молодёжное
отделение
Ядерного
общества
Казахстана



Ветераны
атомной науки,
энергетики и
промышленности
Республики
Казахстан



*АҚЫЛМАНДАР
САРАБЫ*

*МОЗГОВОЙ
ШТУРМ*

*BRAIN
STORM*

БАСЫМ БАҒЫТ – ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Кайрамбаев С.К.¹, Перменев Ю.Г.², Панова Е.Н.²,
Агапов О.А.², Большакова Н.А.², Байбосұнова Г.Е.²

¹ «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС,

² «Жоғары технологиялар институты» ЖШС

Аңдатпа. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-та ESAP жол картасын жүзеге асыру орнықты даму саласындағы ESG-тәжірибелерді енгізу бойынша нәтижелі қадам болды. ESAP аясында экологиялық және әлеуметтік қызметті жетілдіру бойынша оң нәтижелерге қол жеткізілді. Бұл «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-на мүдделі тараптардың сенім деңгейін арттыруға және ESG рейтингтерінің жоғары көрсеткіштеріне қол жеткізуге мүмкіндік берді. ESAP аяқталғаннан кейін «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның орнықты даму саласындағы ұстанымдарын күшейту және қол жеткізілген нәтижелерді (ESG рейтингтерін) сақтау үшін ESG-тәжірибелерді жалғастырып, кеңейтуі қажет.

КІРІСПЕ

2018 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның акциялары Лондон қор биржасына орналастырылған сәттен бастап, Компания жария акционерлік қоғам мәртебесіне ие болды. Бұл өз кезегінде инвесторларға Компания туралы ашық әрі түсінікті ақпарат ұсыну міндеттемелерін жүктейді. Соның нәтижесінде, қоршаған ортаны қорғау (ҚОҚ) және жергілікті қауымдастықтарға қамқорлық жасау жөніндегі қызмет жаңа сапалы деңгейге көтерілді. Бұл деңгей Халықаралық қаржы корпорациясы (ХҚК) мен Global Reporting Initiative (GRI) ұйымдарының экологиялық және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық стандарттарына сәйкес келеді.

Осы жылы-ақ экологиялық корпоративтік үдерістерді инвесторлар мен мүдделі тараптардың үмітіне сәйкестендіру мақсатында тау-кен активтері бойынша құзыретті ұйым – SRK Consulting (UK) Ltd компаниясы тарапынан аудит жүргізілді. Құзыретті тараптың есебінде Компанияның EHSS (Environmental Health and Safety Solutions – қоршаған ортаны, еңбекті және өндірістік қауіпсіздікті қорғау) саласындағы қызметіне талдау жасалып, GIIP (Good International Industry Practice – үздік халықаралық өндірістік практика) стандарттарына сәйкестік деңгейі бағаланды. Анықталған сәйкессіздіктер [1] келесі бағыттарға қатысты болды:

- кәсіпорындар қызмет ететін аумақтардағы экологиялық және әлеуметтік жағдайлардың сипаттамаларын түсіну және зерделеу деңгейі, сондай-ақ бұл ақпаратты EHSS саласындағы тәуекелдерді алдын ала басқару үшін қолдану қажеттілігі;
- мүдделі тараптармен белсенді әрі алдын ала өзара іс-қимылды күшейту қажеттілігі;
- қалдықтарды басқару мен жоспарлауды жетілдіру;
- жабу шараларын жоспарлау мен шығындарды бағалау тәсілдерін үздік халықаралық өндірістік практикаға (GIIP) сәйкестендіру.

2018 жылдың күзіне қарай Компания қызметін үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкестендіру мақсатында Компанияның Директорлар кеңесі «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның экологиялық және әлеуметтік қызметі саласындағы Іс-шаралар жоспарын (ESAP) іске асыру бойынша жол картасын бекітті (2018 жылғы 26 қыркүйектегі №8/18 отырыс хаттамасы) [1].

ESAP Іс-шаралар жоспары келесі бағыттар бойынша құрылымдалды [1]:

1. Корпоративтік сала.
2. Су, топырақ және ауа мониторингі.
3. Экология (өсімдіктер, жабайы жануарлар, көшпелі мал шаруашылығы).
4. Әлеуметтік сала және мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл.
5. Қалдықтарды басқару (жою және кәдеге жарату).
6. ҚОҚ саласындағы басқару және жергілікті халықпен өзара әрекеттесу.
7. Кәсіпорындардың өмірлік циклын аяқтауды жоспарлау (жабу/тарату).

8. Еңбек қауіпсіздігі және өндірістік қауіпсіздік.

2022 жылдың маусым айының соңында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Біріккен Ұлттар Ұйымының Жаһандық шартына (United Nations Global Compact) толыққанды қатысушы ретінде қосылды. Бұл Компанияның БҰҰ Жаһандық шартының он қағидатын ұстанатындығын және БҰҰ-ның орнықты даму саласындағы жаһандық күн тәртібі, мақсаттары мен бастамаларын қолдайтындығын растайды [2]. Халықаралық стандарттардың ұсынымдарын, үздік тәжірибелер мен орнықты дамудың ESG қағидаттарын бас-шылыққа ала отырып және БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) қол жеткізуге өз үлесін қосуды көздей отырып, Компания мынадай стратегиялық мақсаттарды айқындады: Компанияның өндірістік қызметін тек заңнама талаптарына сәйкестік деңгейінен алдын ала экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді бағалауға негізделген тәсілге кезең-кезеңмен көшіру; ҚОҚ (қоршаған ортаны қорғау) саласында сапалы ішкі нормативтік құжаттама (ІНҚ) базасын қалыптастыру; қоршаған ортаға теріс әсерді тұрақты түрде төмендету мақсатында ресурсты үнемдейтін технологиялар мен ҚОҚ саласындағы үздік тәжірибелерді енгізу. Бұл шаралар Компанияның экологиялық беделін арттыруға, мүдделі тараптардың сенімін нығайтуға және орнықты даму саласындағы ұстанымдарын күшейтуге мүмкіндік береді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Корпоративтік сала

Экологиялық және әлеуметтік салада халықаралық тәжірибелерді енгізу мақсатында ESAP бағдарламасын іске асыруға арналған корпоративтік жүйені құру қажет болды. ESAP бағдарламасының опера-




торы ретінде «Жоғары технологиялар институты» ЖШС тағайындалды. 2019-2023 жылдар аралығында Қазақ ядролық университеті (ҚЯУ) («ЖТИ» ЖШС филиалы) ESAPтың негізгі бағыттарын орындауға қатысты тақырыптар бойынша шамамен 32 семинар ұйымдастырды. Оқыту курстарынан Компанияның барлық еншілес және тәуелді ұйымдарынан (ЕТҰ) шамамен 980 тыңдаушы өтті (1-сурет).



1 Сурет – Семинарлар, ҚЯУ, 2023 жыл

Экологиялық мониторинг

ESAP аясында алғаш рет экологтар кен орындарының шекарасынан шығып, жергілікті қауымдастықтар үшін экологиялық тәуекелдерді бағалады. Өндірістік қызметтің қоршаған ортаға әсер ету жолдары мен маркерлері, тікелей әсер ету аймақтары (ұран өндіруші кәсіпорындардың кен орындары), ықтимал әсер ету аймақтары (кен орындарынан 10 км-ге дейінгі арақашықтықта орналасқан іргелес аумақтар), сондай-ақ фондық аумақтар (кен орындарының шекарасынан 10 км-ден астам қашықтықта орналасқан



2 Сурет – Экологиялық зерттеулер

гендік әсер ету факторлары мен дәрежесі анықталды (5, 6-суреттер).

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде геоақпараттық деректер базасы (ГАЖ ДБ) қалыптастырылды. 2025 жылдың басындағы жағдай бойынша ГАЖ ДБ келесідей: картографиялық деректер базасы – 563 карта-схема, кестелік деректер базасы – 37 776 жазба. Экологиялық зерттеулерден алынған жаңа деректер түскен сайын ГАЖ ДБ жедел түрде толықтырылып отырады.


2020-2024 жылдар аралығында уран өндіруші кәсіпорындар орналасқан аудандарда (Қарамұрын, Хорасан, Инкай, Мыңқұдық, Уанас, Жалпақ, Мойынқұм, Заречное, Буденовское кен орындары) және «ҰМЗ» АҚ аумағында кешенді экологиялық зерттеулердің екі кезеңі сәтті өткізілді. Зерттеу жүргізілген аумақ шамамен 15 000 км² құрады. Өндірістік және іргелес аумақтарда, фондық аймақтарда және жақын маңдағы елді мекендерде орналасқан қоршаған орта нысандары – топырақ, жерүсті және жерасты сулары, атмосфералық жауын-шашын – жайлы сапалы мәліметтер жиналды. Биологиялық алуан түрліліктің қазіргі жайкүйіне баға берілді, оның құндылығы (сирек және Қызыл кітапқа енген түрлер), жануарлар мекендейтін жерлердің жағдайы және экологиялық тұрғыдан аса маңызды тіршілік ету аймақтары анықталды (2-4-суреттер).

Өндірістік және іргелес аумақтардағы топырақ пен өсімдік жамылғысының антропогендік бұзылуын бағалау әдістері алғаш рет Жерді қашықтықтан зондтау (ҚЗ) арқылы алынған жоғары кеңістіктік ажыратымдылықтағы деректер көмегімен енгізілді. Топырақ-өсімдік жамылғысының жағдайына арналған картограммалар жасалды, антропо-



3 Сурет – Зерттеу аймақтарындағы жануарлар әлемі:

А – қызылқұйрық қыран (*Buteo rufinus*), Б – Ортаазиялық тасбақа (*Agryonemys horsfieldii*) (МСОП),
В – сары суыр (*Spermophilus fulvus*), Г – ақ құр (*Pterocles alchata*) (Қызыл кітап түрі),
Д – қоға бұлбұлы (*Acrocephalus dumetorum*), Е – дала ағамасы (*Trapelus sanguinolentus*),
Ж – құлақты кірпі (*Erinaceus auritus*), З – қарақұйрық (*Gazella subgutturosa*) (Қызыл кітап түрі)



4 Сурет – Зерттеу аймақтарындағы өсімдіктер дүниесі:

А – биюргун (*Anabasis salsa*) (сурет <https://www.plantarium.ru> сайтынан алынған), Б – боз терек (*Populus pruinosa* Schrenk) – туранга (Қызыл кітап түрі), В – Бем қызғалдағы (*Tulipa behmiana*) – эндемик, (сурет <https://www.plantarium.ru> сайтынан алынған); Г – тікенжапырақ (*Acanthophyllum pungens*), Д – қара сексеуіл (*Haloxylon aphyllum*), Е – бозтопырақты жусан-эфемерлі қауымдастық

Әлеуметтік мониторинг

Әлеуметтік мониторинг 2020 және 2024 жылдары жүргізілді және алғаш рет үздік халықаралық тәжірибелер негізінде жүзеге асырылды:

- 1) қоғамда ықпалды өкілдермен (жергілікті әкімдіктер мен үкіметтік емес ұйымдар, ірі жер пайдаланушылар, қоғамдық белсенділер) сараптамалық сұхбаттар жүргізілді;
- 2) кен орындарына жақын орналасқан елді мекендердің әртүрлі әлеуметтік топтарын қамтитын жергілікті тұрғындармен фокус-топтық пікірталастар өткізілді;
- 3) фокус-топ қатысушыларына Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының өмір сапасын бағалау бойынша қысқартылған сауалнамасы (WHOQOL-BREF) бойынша сауалнама жүргізілді


Екі жыл ішінде 34 елді мекенге барлап, 84 сұхбат ұйымдастырылды, әлеуметтік зерттеулерге жалпы саны шамамен 800 адам қатысты. Бұл зерттеулер Компания қызмет ететін өңірлердегі әлеуметтік-экономикалық жағдай, жергілікті халықтың уран өндіру қызметіне деген көзқарасы туралы сапалы ақпарат жинауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, мүдделі тараптар анықталып, жергілікті халықтың негізгі проблемалық мәселелері белгіленді, Компания кәсіпорындарымен өзара іс-қимылға қатысты ұсыныстар тыңдалды, мәдени мұра нысандарының тізімі жасалды (2, 7, 8-суреттер). Нәтижесінде уран өндіруші еншілес ұйымдарда мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жоспары әзірленіп, бекітілді.



5 Сурет – Уран өндіруші кен орны аумағының жер серіктік кескін фрагменті (Д33 деректері, WorldView-2 сенсоры, түсірілім күні: 24.04.2023 ж.)

Қоршаған ортаны қорғау және мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл саласындағы басқару

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі сияқты ұлттық экологиялық заңнаманың және GRI сияқты халықаралық стандарттардың (глобалдық есептілік) үнемі жаңартылып отыруына байланысты экологиялық-әлеуметтік саладағы корпоративтік нормативтік базаны тұрақты түрде жаңартып, жетілдіру қажет. ESAP аясында уран өндіруші еншілес және тәуелді ұйымдар (ЕТҰ) үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы ішкі нормативтік құжаттарды (ІНҚ) өзектендіруге арналған ұсынымдар әзірленді. Бұл құжаттарға өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, табиғат қорғау іс-шараларының жоспары және төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимыл жоспары жатады. GRI-дің экология саласындағы стандарттары (GRI 303 «Су және ағызулар», GRI 305 «Босатулар» және GRI 306 «Қалдықтар») егжей-тегжейлі зерттеліп, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ-ның жыл сайынғы орнықты даму жөніндегі Интеграцияланған есебін қалыптастыру мақсатында экологиялық есептілікті жетілдіруге қатысты ұсыныстар берілді.



6 Сурет – 2023 жылы уран кенішінің топырақ жамылғысының жағдайы бойынша схема фрагменті:
жасыл – бұзылмаған, күлгін және сары – әлсіз және орташа бұзылған, зәйтүн – күшті, қызғылт сары – өте күшті,
қоңыр – трансформацияланған аумақтар

Қоршаған ортаға әсерді басқарудың әдістемелік негізі күшейтіліп, келесі корпоративтік стандарттар әзірленіп, бекітілді: уранның табиғи компоненттерінің топырақ пен жерасты суларына әсер етуін бақылауды ұйымдастыру (СТ НАК 17.4-2021), биологиялық әртүрлілікті бағалау (СТ НАК 17.6-2022), су ресурстарын басқару (СТ НАК 17.8-2023), тәуекелдерді басқару (СТ НАК 43-2024), экологиялық ақпаратпен алмасу жүйесі («Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ аясында).

Қалдықтарды басқару

Қазіргі уақытта Қазақстанда қалдықтарды кәдеге жарату және оларды қайта пайдалануға тар-



7 Сурет – Созақ ауданы әкімінің орынбасары Сатыбалды А.Б. мырзамен кездесу, Шолаққорған ауылы

ту мәселесі айтарлықтай өзекті бола түсті. ҚР жаңа Экологиялық кодексінде (2021 ж.) қалдықтармен жұмыс істеуге қойылатын талаптар кеңейтілді, қалдықтардың жаңартылған жіктеуіш редакциясы енгізілді.

Қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру, олардың пайда болу көлеміне және қауіпсіздігіне бақылауды күшейту Компания үшін де өзекті. 2022 жылдан бастап Компанияда Zero Waste («нөлдік қалдық») корпора-



8 Сурет – Жыныс-Ата ауылындағы (Таукент кенті) фокус-топ

тивтік бағдарламасы іске асырыла бастады. Бағдарламаның мақсаты – қалдықтарды басқарудың бірыңғай қағидаларын белгілеу; өндірістік үдерістерді оңтайландыру арқылы қалдықтардың пайда болуын барынша азайту; олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қалдықтарды кәдеге жарату және оларды өнеркәсіптік өндіріске қайтару (азқалдықты технологиялар) болып табылады.

Бүгінгі таңда уран өндіру өндірісінде бұрғылау шламдарын кәдеге жарату мәселесі өзектілігін сақтап отыр, себебі бұл қалдықтар уран өндіруші кәсіпорындардағы өндірістік қалдықтардың шамамен 90 %-ын құрайды.

Бұрғылау шламдарының көп бөлігі кенсіз қабаттарды бұрғылау кезінде түзіледі және олардың құрамдық сипаты фондық топырақтарға ұқсас. Осыған байланысты Zero Waste бағдарламасы аясында кенсіз қабаттардан алынған бұрғылау шламдарының «қалдық» мәртебесін тоқтату мәселесі қаралды (ҚР Эко-



А



Б



В



Г

9 Сурет – Бұрғылау шламын шартты түрде құнарлы топырақ ретінде зерттеу:

А – ақ жоңышқа және ақ қыша тұқымдарын себу, Б – «Байкен-У» ЖШС бұршламындағы өскіндер, В – «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС бұршламындағы өскіндер, Г – «СП «Инкай» ЖШС бұршламындағы өскіндер

логиялық кодексінің 333-бабына сәйкес). Әртүрлі кен орындарынан алынған бұрғылау шламдарының үлгілеріне кешенді зерттеулер жүргізіліп, санитариялық-эпидемиологиялық сараптама қорытындылары алынды. Бұл шламдардың қауіпсіз екендігі және оларды ЕТҰ аумағында 12 айдан астам уақыт сақтауға, сондай-ақ кәсіпорындар аумағында жерді рекультивациялау, ұңғымаларды тампонаждау және жер қойнауын пайдаланудың салдарын жою мақсатында пайдалануға болатындығы расталды.

Бұрғылау шламдарын құрылыс материалдарының шикізаты ретінде, сондай-ақ шартты түрде құнарлы топырақ ретінде аумақтарды рекультивациялау үшін пайдалану мүмкіндігі бойынша бірқатар зертханалық зерттеулер жүргізілді (9-сурет). Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, бұрғылау шламынан жолдар салу белгілі бір қиындықтар туғызады, себебі олар жүктемелер мен климаттық факторлардың әсерінен деформацияға және тозуға бейім. Дегенмен, полиэфир талшықтарын қосу және геотор сияқты инновациялық әдістерді қолдану жол құрылысының тұрақтылығын арттыруда жаңа мүмкіндіктер ашады. Гранулометриялық құрамы мен қоректік заттардың мөлшері бойынша бұрғылау шламдары шартты түрде құнарлы материал болып табылады. Оларды рекультивациялық мақсаттарға пайдалану үшін агротехни-

калық қасиеттерін жақсарту, топырақ мелиоранттарын және органоминералдық тыңайтқыштарды енгізу қажет.

Бұрғылау шламдарын қайта өңдеу бойынша дұрыс таңдалған стратегиялар мен тәсілдер қоршаған ортаға теріс әсерді едәуір азайтуға және ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл – өнеркәсіптің орнықты дамуының қазіргі талаптарына толық сәйкес келеді. Аталған зерттеулерді жалғастыру қажеттігі сөзсіз.

Кәсіпорындардың өмірлік циклын аяқтауды жоспарлау

Өндірістік қызметті тиісті түрде аяқтау және жер қойнауын пайдалануға берілген аумақтарды халық шаруашылығына қайтару – Компанияның барлық уран өндіруші кәсіпорындары үшін міндетті шарт болып табылады.

Әрбір кәсіпорын өндірістік қызмет кезеңінде жер қойнауын пайдаланудың салдарын жою бойынша тиімді әдісін алдын ала айқындап алуы тиіс. Жер қойнауын пайдаланудың салдарын жоюға арналған жоспарлар мен жобаларды әзірлеу кезінде кәсіпорынның бүкіл өмірлік циклі барысында прогрессивті жою технологияларын қолдану қажет. Сонымен қатар, жою мақсаттарын мүдделі тараптардың (жергілікті мемлекеттік органдардың, іргелес жер пайдаланушылардың) пікірлерін ескере отырып уақтылы түзетіп отыру қажет.

Бүгінде Компанияда жою жұмыстарына кететін шығындар СТ НАК 17.5-2022 корпоративтік стандартына сәйкес есептеледі: «Кәсіпорындарды жоюдың сметалық құнын есептеу және жою шығындарын үнемі талдау рәсімдері жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (ARO міндеттемелерін бағалау)». Сонымен қатар, жоспарланып отырған жою жұмыстарының тиімділігін алдын ала бағалау мақсатында «Уран өндіруші кәсіпорындардың өндірістік қызметінің салдарын жою критерийлерін айқындау» жөніндегі нұсқаулық бекітілген.

Қол жеткізілген нәтижелер

2020–2024 жылдар аралығындағы бес жылдық кезең ішінде ESAP аясында SRK Consulting (UK) Ltd компаниясы анықтаған GIP (үздік халықаралық өндірістік практика) талаптарына сәйкес келмейтін жайттарды жою бойынша келесі мәселелер талқыланды:

- Кен орындары орналасқан аудандардағы экологиялық жағдайлардың сипаттамалары зерттеліп, топырақтың, табиғи және ауыз судың, атмосфералық жауын-шашынның жай-күйі туралы маңызды деректер жиналды. Ерекше назар биоәртүрлілік құрамын, оның құндылығын (сирек, эндемикалық және Қызыл кітапқа енген түрлер) анықтауға және тіршілік ету ортасының жағдайын бағалауға аударылды (бұған дейін уран өндіруші кәсіпорындарда тек әдеби деректер ғана болған). Экологиялық зерттеулер нәтижелері Компанияның орнықты даму жөніндегі Интеграцияланған есептеріне енгізілді;
- Компания қызмет ететін өңірлердегі әлеуметтік жағдайлар сипаттамасы зерделенді, жергілікті қауымдастық арасынан мүдделі тараптар, олардың уран өндіру қызметіне деген көзқарасы анықталды, уран өндіруші кәсіпорындармен өзара іс-қимылды нығайту жөніндегі ұсыныстар тыңдалды;
- Компанияда тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі құрылды. 2022 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ-ның тәуекелдерді басқару саясаты бекітілді, сондай-ақ СТ НАК 43-2024 «Тәуекелдерді басқару жүйесі. Басшылық ету мен қолдануға қойылатын талаптар» корпоративтік стандарты бекітілді. Сонымен қатар, тәуекелдер тізілімі мен карталарының форматтары анықталды, оларға экологиялық және әлеуметтік тәуекелдер де кіреді. Компанияда нарықтағы және макроэкономикалық жағдайдағы өзгерістерге, өндірістік тәуекелдерге, EHSS тәуекелдерге, геосаяси жағдайға және нормативтік реттеудегі өзгерістерге тұрақты корпоративтік мониторинг жүргізіледі. Бұл олардың ағымдағы тәуекелдер профиліне әсерін бағалауға және тәуекелдерді төмендету бойынша шаралар қабылдауға мүмкіндік береді;
- Мүдделі тараптармен алдын ала өзара іс-қимыл саласында Компанияның уран өндіруші кәсіпорындары бастапқы кезеңде тұр. Экологиялық мәселелер бойынша мүдделі тараптармен өзара әрекет ету жоспарларын іске асыру басталды: кәсіпорын өкілдері жергілікті халықпен кездесулер өткізіп, экологиялық зерттеулер нәтижелері туралы ақпарат беруде, қоршаған ортаның сапасын жақсарту мәселелерін талқылауда, сондай-ақ зерттеу нәтижелерін жергілікті БАҚ-та жариялауда. Өзара іс-қимылды дамыту мақсатында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ-ның 2025 жылға арналған ESG-тәжірибелерді жетілдіру жөніндегі жол картасына жергілікті қауымдастықтармен тұрақты кездесулер ұйымдастыру, халықты толғандыратын әлеуметтік, экологиялық, экономикалық мәселелерді талқылау,

Компанияның жоспарлары мен қызметі туралы жергілікті халықты хабардар ету бойынша тармақтар енгізілді;

- Әрбір еншілес және тәуелді ұйым үшін қалдықтарды басқаруды жетілдіру жөнінде Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына және халықаралық стандарттардың ұсынымдарына сәйкес ұсынымдар берілді. Бұрғылау шламдарын қайта пайдалану мүмкіндігін зерттеуге қатысты ғылыми зерттеулер басталды және алғашқы нәтижелер алынды. Бұл бағыттағы зерттеулерді жалғастыру және бұрғылау шламдарын уран өндіруші кәсіпорындардың өндірістік үдерісіне пайдалану бойынша технологияларды енгізу қажет;
- Өндірістік қызмет аяқталғаннан кейін уран өндіруші кәсіпорындарды жабуды жоспарлау және жер қойнауын пайдаланудың салдарын жоюға арналған шығындарды бағалау тәсілдерінің келісімділігін қамтамасыз ету мақсатында, GIP (үздік халықаралық өндірістік практика) талаптарына сәйкес, Компанияда СТ НАК 17.5-2022 корпоративтік стандарты бекітілді: «Кәсіпорындарды жоюдың сметалық құнын есептеу және ағымдағы шығындарды үнемі талдау рәсімдері жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (ARO міндеттемелерін бағалау)». Жабуды жоспарларын әзірлеу аясында алғаш рет әлеуметтік зерттеулер барысында мүдделі тараптардан (жергілікті әкімдіктердің, жер пайдаланушылардың, жергілікті халықтың өкілдері) жер қойнауын пайдаланудың салдарын жоюдың бағыттары және бұрынғы жер қойнауын пайдалану аумақтарын халық шаруашылығының қай саласына беру тиімді болатындығы жөнінде ұсыныстар мен тілектер жиналды.

ESAP бағдарламасын іске асыру Компанияға халықаралық рейтингтік агенттіктер тарапынан жоғары бағалар алуға мүмкіндік берді [3, 4]:

- 2021 жылы PwC-Қазақстан бағалауы бойынша «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ ESG рейтингінде Қазақстан кәсіпорындары арасында 1-орынға ие болды;
- 2022 жылы – жалпы рейтингте 2-орын (таукен өндірісі саласында 1-орын) және S&P Global Ratings бағалауы бойынша ESG деңгейі – 51 балл;
- 2023 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ әлемнің үздік 50 тау-кен өндіруші компаниясының қатарына енді;
- 2024 жылы TIME Magazine журналының нұсқасы бойынша «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ «Орнықты даму саласындағы әлемдегі үздік 500 компания» тізіміне енді, жалпы рейтингте 126-орынға және ресурстар мен инфрақұрылым өндіру секторы бойынша 6-орынға ие болды.

Аталған жетістіктер халықаралық институттардың Компанияға деген сенім деңгейін көрсетеді және бұл сенімділік орнықты дамудың сенімді көрсеткіші бола алады. Өз кезегінде, бұл фактор «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ акцияларының құнына оң әсер етуі мүмкін. IPO-ға шыққан сәттен бастап және ESAP бағдарламасын іске асыру басталған 2024 жылға дейінгі аралықта Компанияның нарықтық капитализациясы 3 миллиард АҚШ долларынан 12 миллиард АҚШ долларына дейін өсті [5].

Ұсынымдар

ESAP аясында алынған нәтижелер негізінде әрбір еншілес және тәуелді ұйым (ЕТҰ) үшін уран өндіру қызметінің қоршаған ортаға теріс әсерін барынша азайту, биоәртүрлілікті сақтау, қалдықтармен жұмыс істеу, экологиялық-әлеуметтік саладағы ішкі нормативтік құжаттарды (ІНҚ) өзектендіру бойынша ұсынымдар әзірленді, сондай-ақ экологиялық және әлеуметтік тәуекелдер жан-жақты талданды. Ұсынымдар барлық экологиялық және әлеуметтік аспектілер мен тәуекелдерді барынша қамти отырып әзірленген. Келесі кезеңде ЕТҰ өз мүмкіндіктеріне және нақты проблемалық мәселелердің өзектілігіне қарай осы ұсынымдарды іске асыруға кірісуі тиіс.

Бүгінгі таңда ESAP жол картасындағы барлық іс-шаралар толық көлемде орындалды. Алайда тәжірибе көрсеткендей, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты барлық міндеттер ESAP аясында толық қамтылмаған. Сондықтан жаңа бағдарламалар мен жобаларды әзірлеу кезінде келесі бағыттарды шаралар шеңберіне қосу қажет: ЕТҰ-ның шаруашылық-тұрмыстық қызметін мониторингілеу, автокөлік құралдарын пайдалану, қосалқы инфрақұрылым нысандарының жұмысы. Бұл ҚР экологиялық заңнамасын бұзғаны үшін салынатын айыппұлдардың алдын алуға мүмкіндік береді.

GRI стандарттары кезең-кезеңімен жаңартылып отырады. Осыған байланысты есептілікті жетілдіру, оның сапасы мен толықтығын арттыру және жария компания мәртебесіне сай болуын қамтамасыз ету үшін корпоративтік есептілік халықаралық стандарттардың талаптарына барынша сәйкес келуі тиіс. Эколого-әлеуметтік салада ашық түрде жарияланатын ақпараттың өзектілігі – міндетті талап. Осыған орай,



салалық экологиялық мониторинг жүйесін ұйымдастыру – болашағы зор маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Соңғы бірнеше жыл ішінде Компания ESG қағидаттарына сәйкес орнықты даму бағыттарының барлық салалары бойынша айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді. Бұл мүдделі тараптардың сенім деңгейін арттырып, жоғары ESG рейтингтерге қол жеткізуге мүмкіндік берді. Компания жоғары рейтингтерді сақтап қалу және көшбасшылық позицияларын нығайту үшін экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге, қоршаған орта нысандарының жай-күйін мониторингілеуге, биоәртүрлілікті қалпына келтіруге, өнеркәсіптік қалдықтарды басқару бойынша ғылыми зерттеулер жүргізуге және ресурсты үнемдейтін технологияларды енгізуге, климаттың өзгеруіне қарсы күрес бойынша үздік тәжірибелерді әзірлеуге бағытталған бағдарламалар мен жобаларды іске асыруды жалғастыруы тиіс. Бұл ретте бұрынғы тәжірибелер мен қол жеткізілген нәтижелер ескерілуі қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дорожная карта реализации Плана действий в экологической и социальной сферах (ESAP) АО «НАК «Казатомпром», сентябрь, 2018. – 23 с.
2. Веб-ресурс: официальный сайт Казатомпрома: https://www.kazatomprom.kz/ru/media/view/kazatomprom_prisoedinilsya_k_globalnomu_dogovoru_oop. Дата посещения 08.07.2022 г.
3. Топ-50 лучших компаний по раскрытию ESG-информации по Отчетам за 2021 год / PwC Kazakhstan, 2022. – 70 с.
4. Топ-50 лучших Казахстанских компаний по раскрытию ESG-информации по Отчетам за 2022 год / PwC Kazakhstan, 2023. – 81 с.
5. Казатомпром презентовал депутатам перспективы дальнейшего развития урановой отрасли Казахстана / KAPNEWS. – № 5(58). – 05.2024 г.



В ПРИОРИТЕТЕ – ЗАЩИТА ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ

Кайрамбаев С.К.¹, Перменев Ю.Г.², Панова Е.Н.²,
Агапов О.А.², Большакова Н.А.², Байбосунова Г.Е.²

¹ ТОО «Казатомпром-SaUran»,
² ТОО «Институт высоких технологий»

Аннотация. Реализация в АО «НАК «Казатомпром» дорожной карты ESAP стала результативным шагом по внедрению ESG-практик в области устойчивого развития. В рамках ESAP были получены положительные результаты по совершенствованию эколого-социальной деятельности, которые позволили АО «НАК «Казатомпром» повысить уровень доверия заинтересованных сторон и достичь лучших ESG-рейтингов. По завершению ESAP АО «НАК «Казатомпром» необходимо продолжать и расширять ESG-практики для укрепления позиций в области устойчивого развития и поддержания достигнутых результатов (ESG-рейтинги).

ВВЕДЕНИЕ

В 2018 году, с момента размещения акций на Лондонской бирже АО «НАК «Казатомпром» (далее – Компания) приобрело статус публичной компании, что налагает обязательства предоставлению инвесторам прозрачной и понятной информации о Компании. Как следствие, деятельность по защите окружающей среды (далее – ОС) и заботе о местном сообществе вышли на новый качественный уровень, соответствующий международным стандартам деятельности по обеспечению экологической и социальной устойчивости Международной финансовой корпорации (МФК) и Global Reporting Initiative (GRI).

В том же году, в целях приведения экологических корпоративных процессов в соответствие с ожиданиями инвесторов и заинтересованных сторон, был проведен аудит компетентным лицом по горнодобывающим активам – компанией SRK Consulting (UK) Ltd. В отчете компетентного лица был проведен анализ деятельности Компании в сфере EHSS (Environmental Health and Safety Solutions – охраны окружающей среды, здоровья и безопасности на производстве), дана оценка соответствия передовой международной отраслевой практике GIIP (Good international industry practice). Области несоответствия, преимущественно, касались [1]:

ENVIRONMENTAL PROTECTION AS A PRIORITY

Kairambayev S.K.¹, Permenev Y.G.², Panova E.N.²,
Agapov O.A.², Bolshakova N.A.², Baibosunova G.E.²

¹ Kazatomprom-SaUran LLP,
² Institute of High Technologies LLP

Abstract. The implementation of the ESAP roadmap at JSC “NAC Kazatomprom” has proven to be an effective step in the adoption of ESG practices within the field of sustainable development. As part of ESAP, positive outcomes were achieved in enhancing ecological and social activities, which allowed JSC “NAC Kazatomprom” to increase stakeholder trust and achieve better ESG ratings. After the completion of ESAP, JSC “NAC Kazatomprom” needs to continue and expand ESG practices to strengthen its position in sustainable development and maintain the achieved results (ESG ratings).

INTRODUCTION

In 2018, since the listing of shares on the London Stock Exchange, JSC “NAC Kazatomprom” (hereinafter – the Company) acquired the status of a public company, which imposes obligations to provide investors with transparent and clear information about the Company. As a result, activities related to environmental protection (hereinafter – EP) and care for the local community reached a new qualitative level, corresponding to the international standards of environmental and social sustainability established by the International Finance Corporation (IFC) and the Global Reporting Initiative (GRI).

In the same year, to align the Company’s environmental corporate processes with the expectations of investors and stakeholders, an audit was conducted by a competent person for mining assets – SRK Consulting (UK) Ltd. The competent person’s report analyzed the Company’s activities in the field of EHSS (Environmental Health and Safety Solutions), and assessed compliance with the leading international industry practice GIIP (Good International Industry Practice). Areas of non-compliance mainly concerned [1]:

– the level of understanding and study of the characteristics of environmental and social condi-

- уровня понимания и изученности характеристик экологических и социальных условий на территориях деятельности предприятий (контекста) и применения этой информации для активного упреждающего управления рисками в сфере EHSS;
- необходимости более активного и упреждающего взаимодействия с заинтересованными сторонами;
- совершенствования планирования и управления отходами;
- согласованности подхода к планированию закрытия и оценке затрат в соответствии с передовой международной отраслевой практикой (GIIP).

Осенью 2018 года, в целях приведения деятельности Компании в соответствие с лучшими мировыми практиками, Совет директоров Компании утвердил дорожную карту по реализации Плана мероприятий в экологической и социальной сферах деятельности (ESAP) АО «НАК «Казатомпром» (протокол заседания № 8/18 от 26 сентября 2018 года) [1].

План мероприятий ESAP был структурирован по следующим направлениям [1]:

1. Корпоративная сфера.
2. Мониторинг воды, почвы и воздуха.
3. Экология (растительность, дикие животные, кочевое животноводство).
4. Социальная сфера и взаимодействие с заинтересованными сторонами.
5. Управление отходами (удаление и утилизация).
6. Управление в сфере охраны ОС и взаимодействия с местным населением.
7. Планирование завершения жизненного цикла предприятий (закрытие/ликвидация).
8. Охрана труда и промышленная безопасность.

В конце июня 2022 года АО «НАК «Казатомпром» стало полноправным участником Глобального договора ООН (United Nations Global Compact), что подтверждает приверженность Компании десяти принципам Глобального договора ООН и поддержку глобальной повестки, целей и инициатив ООН в области устойчивого развития [2]. Следуя рекомендациям международных стандартов, наилучших практик и ESG-принципам устойчивого развития, стремясь внести вклад в достижение ЦУР ООН, Компания поставила стратегические цели: планомерный переход производственной деятельности Компании от соответствия (только) законодательству к подходу, основанному на заблаговременной оценке экологических и социальных рисков; создание качественной ВНД-базы в сфере охраны ОС; внедрение ресурсосберегающих технологий, наилучших практик в сфере охраны ОС с целью устойчивого снижения негативного воздействия на ОС. Все это по-

tions in the territories of the Company's operations (context) and the application of this information for active proactive risk management in the EHSS field.

- the necessity for more active and proactive engagement with stakeholders.
- improvement of waste planning and management.
- consistency of the approach to closure planning and cost estimation by leading international industry practice (GIIP).

In the autumn of 2018, to align the Company's activities with the best global practices, the Company's Board of Directors approved the roadmap for the implementation of the Environmental and Social Action Plan (ESAP) of JSC «NAC Kazatomprom» (Minutes No. 8/18 dated September 26, 2018) [1].

The ESAP Action Plan was structured according to the following areas [1]:

1. Corporate area.
2. Monitoring water, soil, and air.
3. Ecology (vegetation, wildlife, nomadic livestock).
4. Social area and stakeholder engagement.
5. Waste management (removal and disposal).
6. Management in the field of environmental protection and interaction with the local population.
7. Planning for the end-of-life cycle of enterprises (closure/liquidation).
8. Occupational health and industrial safety.

At the end of June 2022, JSC «NAC Kazatomprom» became a full participant of the United Nations Global Compact, confirming the Company's commitment to the ten principles of the UN Global Compact and support for the UN's global agenda, goals, and initiatives in sustainable development [2]. Following the recommendations of international standards, best practices, and ESG principles of sustainable development, and aiming to contribute to achieving the UN Sustainable Development Goals (SDGs), the Company set strategic objectives: a systematic transition of the Company's production activities from mere compliance with legislation to an approach based on proactive assessment of environmental and social risks; creation of a quality ESG database in the field of environmental protection; implementation of resource-saving technologies and best practices in environmental protection to sustainably reduce negative environmental impact. All this will enhance the Company's environmental authority, increase stakeholder trust, and strengthen the Company's position in sustainable development.

зволит повысить экологический авторитет, доверие заинтересованных сторон, укрепить позиции Компании в области устойчивого развития.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Корпоративная сфера

С целью внедрения международных практик в эколого-социальной сфере, необходимо было создать корпоративную систему по реализации ESAP. Оператором по программе ESAP было назначено ТОО «Институт высоких технологий». Казахским ядер-



ным университетом (КЯУ) (филиал ТОО «ИВТ») за период 2019-2023 гг. было организовано порядка 32 семинаров по темам, касающимся исполнения основных направлений ESAP. Обучение прошли около 980 слушателей из всех дочерних и зависимых организаций (ДЗО) Компании (рисунок 1).

Экологический мониторинг

Впервые в рамках ESAP экологи вышли за границы горных отводов и оценили экологические риски для местного сообщества. Были определены пути и маркеры воздействия производственной деятельности на ОС, территории непосредственного воздействия (горные отводы уранодобывающих предприятий) и возможного воздействия (территории, прилегающие к горным отводам на удалении до 10 км от границ горных отводов), а также фоновые территории (на удалении свыше 10 км от границ горных отводов).

За период 2020-2024 гг. успешно проведено два

MAIN PART

Corporate area

To implement international practices in the environmental and social area, it was necessary to create a corporate system for ESAP implementation. The operator of the ESAP program was appointed as LLP «Institute of High Technologies.» The Kazakh Nuclear University (KNU) (a branch of LLP «IHT») organized about 32 seminars during 2019-2023 on topics related to the implementation of ESAP's main directions. Approximately 980



Рисунок 1 – Семинары, КЯУ, 2023 год
/ Figure 1 – Seminars, KNU, 2023

participants from all subsidiaries and dependent organizations (SDOs) of the Company completed the training (see Figure 1).

Environmental monitoring

For the first time within the ESAP framework, ecologists went beyond the mining allotments

этапа комплексных экологических исследований в районе расположения уранодобывающих предприятий (месторождения – Карамурун, Хорасан, Инкай, Мынкудук, Уванас, Жалпак, Мойынкум, Заречное, Буденовское) и АО «УМЗ». Территория обследования составила около 15 000 км², был собран качественный материал о состоянии объектов ОС – почвы, поверхностных и подземных вод, атмосферных осадков – на производственных и прилегающих к ним территориях, на фоновых территориях и ближайших

and assessed environmental risks for the local community. The pathways and markers of the impact of production activities on the environment were identified for: the immediate impact areas (mining allotments of uranium mining enterprises), potential impact areas (territories adjacent to the mining allotments within a 10 km distance from the mining allotment boundaries), as well as background territories (at a distance of more than 10 km from the mining allotment boundaries).

During 2020-2024, two stages of comprehensive environmental studies were successfully conducted in the areas of uranium mining enterprises (deposits – Karamurun, Khorasan, Inkai, Mynkuduk, Uvanas, Zhalspak, Moynunkum, Zarechnoe, Budenovskoe) and JSC “UMP.” The surveyed territory covered approximately 15,000 km². Quality data were collected on the state of environmental objects – soils, surface and groundwater, atmospheric precipitation – within production and adjacent areas, background territories, and nearby settlements. An assessment of the current state of biodiversity was conducted, including the value of biodiversity (rare and endangered species), the condition of animal habitats, and the identification of critically important habitats (see Figures 2-4).

For the first time, methods for assessing anthropogenic disturbance of soil and vegetation cover of production and adjacent territories were implemented using high spatial resolution Earth remote sensing data (RS). Cartograms of the soil and vegetation cover condition were created, and factors and the degree of anthropogenic impact were identified (see Figures 5, 6).

Based on the conducted research, a geographic information system database (GIS DB) was created. As of early 2025, the volume of the GIS DB included:




Рисунок 2 – Экологические исследования
/ Figure 2 – Environmental studies

населенных пунктах. Дана оценка современного состояния биоразнообразия, определены ценность биоразнообразия (редкие и краснокнижные виды), состояние мест обитания животных, определены критически важные места обитания (рисунки 2-4).

Впервые внедрены методы оценки антропогенной нарушенности почвенно-растительного покрова производственных и прилегающих территорий с помощью данных дистанционного зондирования Земли (ДЗЗ) высокого пространственного разрешения, созданы картограммы состояния почвенно-рас-

a cartographic database of 563 map schemes and a tabular database of 37,776 records. The GIS DB will be promptly updated as new environmental research data becomes available.

